

Әулікөл ауданының әскерге шақыру учаскесіне 1994 жылы туған ер азаматтарды тіркеуді ұйымдастыру мен қамтамасыз ету туралы

Қостанай облысы Әулікөл ауданы әкімінің 2010 жылғы 28 қазандағы № 5 шешімі. Қостанай облысы Әулікөл ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 24 қарашада № 9-7-125 тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 33-бабының 1-тармағының 13) тармақшасына және "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы

8 шілдедегі Заңының 17-бабының 3-тармағына сәйкес **ШЕШТІМ:**

1. Тіркеу жылы он жеті жасқа толатын ер азаматтарды Әулікөл ауданының әскерге шақыру учаскесіне 2011 жылдың қаңтарынан бастап наурызына шекті тіркеуді ұйымдастырсын және қамтамасыз етсін.

2. "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қостанай облыстық ішкі істер Департаментінің Әулікөл аудандық ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) ер азаматтарды әскерге шақыру учаскесіне тіркеу кезеңінде тізімге тіркелеуден қашқан азаматтарды іздеуді және ұстауды жүзеге асыру ұсынылсын.

3. Село, поселке, селолық округтер әкімдері тіркеуге шақырылған ер азаматтарды тіркеу учаскесіне тіркеуден өту үшін қорғаныс істері жөніндегі бөлімге уақытылы келуін және әскерге шақыруға дейінгілерді әскери тіркеуге алуға көмекті қамтамасыз етсін.

4. "Әулікөл ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне 1994 жылы туған ер азаматтарды тіркеу жүргізуді ұйымдастыру мен қамтамасыз ету үшін аудандық бюджетпен бекітілген қажетті мөлшерде ақшалай қаржы бөлсін.

5. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасарына жүктелсін.

6. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әулікөл ауданының әкімі

Б. Ғаязов

КЕЛІСІЛДІ:

"Қазақстан Республикасы Ішкі істер
Министрлігі Қостанай облысының
ішкі істер Департаментінің

Әулікөл ауданының ішкі істер бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің бастығы

Жағыпаров Арыстан Жұмашұлы

"Қостанай облысы Әулікөл ауданының
қорғаныс істері жөніндегі бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің бастығы

Түгелбаев Марат Теңізбайұлы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК